

Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 1443 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 16 қыркүйектегі N 871 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2009.09.16 N 871 (2009.01.01. бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексiне сәйкес қаулы етемiн:

1. Қоса берiлiп отырған Республикалық бюджеттiң атқарылуы туралы есептi жасау және ұсыну ережесi бекiтiлсiн.

2. Осы Жарлық 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгiзiледi.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президентi

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 7 қ ы р к ү й е к т е г і

N 1 4 4 3 Ж а р л ы ғ ы м е н

Бекітілген

**Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті
ж а с а у ж әне ұ с ы н у**

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексiне сәйкес әзiрлендi әрi есептi кезеңде республикалық бюджеттiң атқарылуы туралы есептi жасау және ұсыну тәртібiн анықтайды.

2. Түсiмдердiң және қаржыландыру жиынтық жоспарының, мiндеттемелер бойынша қаржыландыру жиынтық жоспарының атқарылуы туралы есептердiң деректерi есептi кезеңде республикалық бюджеттiң атқарылуы туралы есептi жасау үшiн негiз болып табылады.

3. Республикалық бюджеттiң атқарылуы туралы есеп есептi кезеңде жүргiзiлген республикалық бюджеттiң түсiмдерi және шығыстарын қаржыландыру жөнiндегi барлық операцияларды көрсетедi.

4. Республикалық бюджеттiң атқарылуы туралы есептi Қазақстан

Республикасының Бюджет кодексіне және осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган жасайды.

5. Есепті кезеңде республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті қалыптастыру Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде айқындалған бюджет құрылымы бойынша кассалық негізде, мың теңгемен жүзеге асырылады.

2. Есепті жасау тәртібі

6. Мерзімділігі бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептер мерзімділігі бойынша ай сайын және қаржы жылының қорытындысы бойынша жасалады.

7. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы ай сайынғы есеп тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысына сәйкес жасалады және мыналар:

есепті қаржы жылына арнап бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық бюджеттің сомасы;

жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңге арналған республикалық бюджеттің түсімдері мен қаржыландырылуының жиынтық жоспарының сомасы;

жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде берілген рұқсаттардың сомасы;

жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңге арналған тіркелген міндеттемелердің сомасы;

жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен есепті кезеңде төленбеген міндеттемелердің сомасы;

жылдың басынан бастап өсу қорытындысымен республикалық бюджеттің бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (шағын бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасы;

есепті кезеңдегі республикалық бюджеттің бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (шағын бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасының есепті кезеңдегі түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасына және есепті қаржы жылына арнап атқарылатын (бекітілген, нақтыланған, түзетілген) республикалық бюджеттің сомасына проценттік қатынасы көрсетіле отырып, бюджет түсімдері сыныптамасының және Бірыңғай бюджеттік сыныптама бюджет шығыстарының функционалдық, экономикалық сыныптамасының кодтары бойынша қалыптастырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2005.05.28. N 1579, 2006.12.08. N 218 Жарлықтарымен.

8. Өткен қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы

жылдық есеп тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес жасалады және мыналар:

есепті қаржы жылына арнап бекітілген, нақтыланған, түзетілген республикалық бюджеттің сомасы;

есепті қаржы жылына арналған тіркелген міндеттемелердің сомасы;

есепті қаржы жылында төленбеген міндеттемелердің сомасы;

есепті қаржы жылында республикалық бюджеттің бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (шағын бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасы;

есепті қаржы жылында республикалық бюджеттің бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (шағын бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасының есепті қаржы жылында атқарылған (бекітілген, нақтыланған, түзетілген) республикалық бюджет сомасынан ауытқуы ;

есепті қаржы жылындағы республикалық бюджеттің бюджет түсімдерінің атқарылу және/немесе бюджеттік бағдарламалар (шағын бағдарламалар) бойынша төленген міндеттемелер сомасының есепті қаржы жылында атқарылған (бекітілген, нақтыланған, түзетілген) республикалық бюджет сомасына проценттік қатынасы көрсетіле отырып, бюджет түсімдері сыныптамасының және Бірыңғай бюджеттік сыныптама бюджет шығыстарының функционалдық, экономикалық сыныптамасының кодтары бойынша қалыптастырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2005.05.28. N 1579 , 2006.12.08. N 218 Жарлықтарымен.

9. Өткен қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепке мыналар қоса беріледі:

1) түсіндірме жазба ;

2) түсімдер бойынша атқарылу туралы, сондай-ақ олардың тиімділігін бағалауды қоса алғанда, республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы талдама есеп.

10. Түсіндірме жазбада іс жүзінде қалыптасқан бағыттарды тиісті жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу кезеңінде негізге алынған орта мерзімді фискалдық саясаттың және әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарының басым бағыттарымен салыстыра отырып елдегі экономикалық ахуал және бюджет-салық саясатының негізгі бағыттары туралы және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң баптарының атқарылуы туралы талдама ақпарат беріледі.

Түсіндірме жазбаға Қазақстан Республикасы Парламентінің өткен қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекіту туралы қаулысында көрсетілген іс-шараларды және Республикалық бюджеттің

атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің өткен қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне берілген ұсынымдарды іске асыру жөніндегі ақпарат та енгізіледі.

11. Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы талдама есеп бюджеттің құрылымы бойынша жасалады және мынадай талдама ақпаратты:

түсімдер жоспарының атқарылуына әсер еткен негізгі факторларды және кірістер түсімдерінің жоспарынан іс жүзіндегі атқарылудың ауытқу себептерін баяндай отырып, салық түсімдерінің, салыққа жатпайтын түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттер түсімдерінің атқарылуын талдауды қамтитын "Кірістер" бөлімі бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы;

республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізген бюджеттік бағдарламаларды іске асыру деңгейіндегі олардың тиімділігін бағалаудан тұратын және бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды басқару сапасын және олардың нәтижелігін айқындауды қамтитын "Шығындар" бөлімі бойынша республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы;

республикалық бюджеттің атқарылу қорытындысы бойынша қалыптасқан операциялық сальдо сомасын түсіндіретін "Операциялық сальдо" бөлімінің атқарылуы туралы;

кредит беруге байланысты республикалық бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды қамтитын, кредиттерді өтеу жөніндегі түсімдер жоспарын атқарудың негізгі факторларын және олардың іс жүзіндегі түсімдерінің жоспарлы сомадан ауытқуын айтатын "Таза бюджеттік кредит беру" бөлімінің атқарылуы туралы;

қаржы активтерін сатып алуға байланысты бюджеттік бағдарламалардың атқарылу нәтижелерін қамтитын, олар бойынша бюджет қаражатының жете игерілмеу себептерін көрсететін, олардың тиімділігін бағалауды, сондай-ақ олардың іс жүзіндегі түсімдерінің жоспарлы сомадан ауытқу себептері көрсетіле отырып, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер жоспарының атқарылу нәтижелерін қамтитын "Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо" бөлімінің атқарылуы туралы;

республикалық бюджеттің атқарылу қорытындысы бойынша тапшылықтың (профициттің) іс жүзінде қалыптасқан сомасын түсіндіретін "Бюджеттің тапшылығы (профициті)" бөлімінің атқарылуы туралы;

қарыз алу және бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын іс жүзінде қамтамасыз ету немесе қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет профицитінің, қарыз қаражатының, бюджет қаражаты бос қалдықтарының жұмсалыу нәтижелерін "Бюджеттің тапшылығын

қаржыландыру (профицитін пайдалану)" бөлімінің атқарылуы туралы талдама
а қ п а р а т т ы қ а м т и д ы .

Республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы талдамалы есеп республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы талдамалы есептеріне, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру деңгейінде және бюджеттік бағдарламаларды іске асыруды ішкі бақылау кезінде олардың тиімділігін бағалау нәтижелеріне, бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті орган сұрататын басқа деректерге негізделеді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Президентінің 2006.12.08. N 218 Жарлығымен.

3. Есепті ұсыну тәртібі

12. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бірі күнгі жағдай бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті осы Ереженің 7-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне және бюджеттік жоспарлау және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органдарға ұсынады.

13. Бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті айдан кейінгі айдың 1 сәуірінен кешіктірмей осы Ереженің 8-11-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес өткен қаржы жылындағы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға және мемлекеттік қаржы бақылау органдарына ұсынады.

14. Есепті қаржы жылында республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қосымшаларымен Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын ағымдағы жылғы 1 мамырдан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламентіне және Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп комитетіне ұсынады.

4. Қорытынды ережелер

15. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.